

## 2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 қаңтар N 155

Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін жаңарту және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) 2001 жылғы егіннің 9353-90 МЕМСТ-ға сай бидайдың үшінші сыныпты жұмсақ сорттарын, есепке алынған салмағының бір тоннасы үшін қосымша құн салығын қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін - қосымша құн салығын есептемегенде, франко-элеватор шартымен 80 (сексен) АҚШ долларына баламалы баға бойынша 5 365 353 656 (бес миллиард үш жұз алпыс бес миллион үш жұз елу үш мың алты жұз елу алты) теңгеге дейін сомаға 456 970 (төрт жұз елу алты мың тоғыз жұз жетпіс) тоннаға дейінгі көлемде, бұл ретте:

2 686 740 863 (екі миллиард алты жұз сексен алты миллион жеті жұз қырық мың сегіз жұз алпыс үш) теңгеге дейін сомаға 229 970 (екі жұз жиырма тоғыз мың тоғыз жұз жетпіс) тоннаға дейінгі көлемде - 2001 жылғы 20 шілдеге дейінгі мерзімде қаржыландыру арқылы жеткізілім шарты негізінде;

2 678 612 793 (екі миллиард алты жұз жетпіс сегіз миллион алты жұз он екі мың жеті жұз тоқсан үш) теңгеге дейін сомаға 227 000 (екі жұз жиырма жеті мың) тоннаға дейінгі көлемде - күзде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша шешімінің негізінде;

2) 2001 жылғы егіннің 6293-90 МЕМСТ-ға сай үшінші сыныпты күріш дақылдының есепке алынған салмағының бір тоннасы үшін қосымша құн салығын қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін - қосымша құн салығын есептемегенде, франко-элеватор шартымен 100 (жұз) АҚШ долларына баламалы баға бойынша 48 046 344 (қырық сегіз миллион қырық алты мың үш жұз қырық төрт) теңгеге дейін сомаға 3 289 (үш мың екі жұз сексен тоғыз) тоннаға дейінгі көлемде, бұл ретте:

48 046 344 (қырық сегіз миллион қырық алты мың үш жұз қырық төрт) теңге сомасына 3 289 (үш мың екі жұз сексен тоғыз) тоннаға дейінгі көлемде - 2001 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде қаржыландыру арқылы жеткізілім шарты негізінде;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2001 жылғы 1 қыркүйекке дейін белгіленген тәртіппен күзгі сатып алудың шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2001.04.06 N 449; өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.04 N 915; 2001.09.06. N 1151; 2001.12.26. N 1695 қаулыларымен.**

2. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.04 N 915 қаулысымен.**

3. "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы 2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу жөніндегі агент болып белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

N 155 қаулысымен

бекітілген

## **2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу ережесі**

**Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.04 N 915 қаулысымен.**

### **I. Сатып алу шарттары**

1. 2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың тағайындалуы - азық-тұліктік астықтың мемлекеттік резервін жаңалау үшін астықты жеткізілім шарты негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктем мен жазда тұқым, жанар-жағармай материалдарын, тыңайтқыштарды, гербицидтерді, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектерді сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалға немесе сатып алуға мақсатты түрде қаражат бөлу арқылы астық өндірісін мемлекеттік қолдау.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.04 N 915 қаулысымен.**

2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі - Сатушы) - бұл өсімдік шаруашылығы өнімін тауарлық өндірумен айналысатын занды немесе жеке тұлға.

3. Сатып алу тек екінші деңгейлі банктердің кепілдемесі арқылы жүргізіледі және "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) арқылы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) тендерлік негізде іріктеген желілік астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

Сатып алуға қатысуға оларға рұқсат беру үшін астық қабылдау кәсіпорындарын іріктеудің негізгі өлшемдері - сақтау қызметі үшін ең төменгі тарифтер.

**Ескерту. З-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.07.04 N 915 қаулысымен.**

4. Бір сатушы 15 мың тоннаға дейінгі көлемдегі астыққа бір өтінім ғана бере алады.

## **II. Сатып алушты жүргізу мен оны қаржыландырудың тәртібі**

5. Осы қаулы жарияланғаннан кейін Корпорация республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында астықты сатып алуға және сақтауға рұқсат етілген астық қабылдау пункттерінің тізімін, өтінімдерді беру мен оларды комиссияның қарауы мерзімдерін және басқа да шарттарын жариялайды.

6. Өз астығын сатуға мұдделі сатушылар Ауылшармині мен Корпорацияның өкілдерінен Ауылшармині құрған комиссияға екінші деңгейлі банктердің Сатушыға кепілдеме беру ниеті туралы хатын міндетті түрде көрсету арқылы өтінімдерді, жерді пайдалану құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін тапсырады.

"Қазақстанның Астық Одағы" занды тұлғалар бірлестігінің, Қазақстан фермерлері үлттық федерациясының және басқа да ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің қоғамдық бірлестіктерінің ұсыныстары бойынша комиссия құрамына олардың да өкілдері ене алады.

7. Комиссия сатушылардың тізімін ең төменгі өтінімнен бастап мынадай кезекпен белгілейді: 1 мың тоннаға дейін; 2 мың тоннаға дейін; 5 мың тоннаға дейін; 10 мың тоннаға дейін; 15 мың тоннаға дейін.

Тең жағдайда шаруа (фермерлік) қожалықтарына артықшылық беріледі.

8. Комиссия анықтаған сатушы, Корпорацияның облыстық өкілдіктерімен астық жеткізілімі туралы шарт жасасады. Үлгі шарт нысанын Ауылшармині бекітеді.

Шарт жасасу үшін сатушы салық қызметі органдарынан сатушы қосымша құн салығын немесе бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатынын растайтын анықтаманы, екінші деңгейлі банктің кепілдемелік міндеттемесін көрсетеді.

9. Ауылшармині Корпорациямен бірлесіп жеткізілім шарттары бойынша Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасындағы арнаулы шоттан Сатушының шотына ақшаны тенгемен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төлем жасалатын құнгі бағамы бойынша аударады.

## **III. Сатып алынған астықты сақтау**

10. Сатып алынған астықты сақтау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1506 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Астық қабылдау кәсіпорындары, үлгілік нысанын Ауылшармині бекітетін, сатып алынған астықты сақтауға Корпорациямен шарт жасасады.

#### **IV. Сатып алынған астықты сату және қаржы ресурстарын қайтару**

12. Сатып алынған астықты сатуды Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік ресурстардың астығын сатудың шарттары, мерзімдері және ең төменгі бағасы Ауылшарминімен келісім бойынша рынок конъюнктурасы негізінде анықталады. Бұл ретте ең төменгі баға, мемлекеттік ресурстардың астығын сақтау шығындарын есепке алумен бірге, сатып алу бағасынан төмен болмауы тиіс.

14. Астықтың мемлекеттік сату ресурстарын сатудан түскен қаражат, оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Корпорацияның комиссиялық сыйақыны және астықтың мемлекеттік ресурстарын сақтау, сату шығыстарын шегере отырып, оны алғаннан кейін 3 банктік күн ішінде республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

#### **V. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі**

15. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

Мамандар:Багарова Ж.А.Қасымбеков Б.А.